



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

УДК 37.0 (35.3)

ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

Молдахметова Перизат Турсынғалиевна

wizard_doksi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.О. Алтынбасов

Ғылыми-техникалық революция адам қызметінің көптеген маңызды бағыттарына өз әсерін тигізген жаһандану процесстеріне әкеліп соқтырды. Қазіргі таңда «білім берудің жаһандануы», «экономиканың жаһандануы», «саяси жаһандану сияқты» түсініктер жиі қолданысты пайдаланып жүрген рас. Жаһандану процесі дүниежүзілік экономикалық, саяси және мәдени интеграцияның нәтижесі болып қалыптасып келеді. Демек, оны қазіргі таңдағы қоғам өмірінің барлық аспектілеріне әсерін тигізіп жатқан халықаралық деңгейдегі процесс деп атауға болады.

Әрине, жаһандану процесстері білім беру саласына да өз септігін тигізді. Трансұлттық білім халықаралық одағы, ЮНЕСКО, Университеттердің халықаралық ассоциациясы, Еуропалық университеттер ассоциациясы, Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша халықаралық органдар жүйесі және т.с. сияқты халықаралық ұйымдар мүше-мемлекеттердің білім беру саласындағы ұлттық саясатын қалыптастыруда өз әсерін тигізді.

Жаһандану жағдайында білім мен зерттеулердің ұлттық экономикадағы алатын орны ерекше бола түсті.

Білім экономикасы білім беруді мемлекеттің дамуының басты факторы ретінде анықтайды. Көптеген мемлекеттердің үкіметтері ғылым мен технологиялар әлеуетін ұлттық бәсекеге қабілеттілікті күшейтудің шарты деп санайды.

Жалпы алғанда, «білім берудің жаһандануы» терминінің нақты анықтамасы әлі қалыптаспаған, оған себеп ретінде аталған категорияның соңғы кездері белең алып жатқандығын айтуға болады. Дегенмен, бұл категория білім берудің дүниежүзілік бірыңғай унификацияланған жүйесінің қалыптасу процесін білдіреді. Білім беру саласы әлемдегі әр түрлі мемлекеттердің арасындағы стандартизация, жалпыға бірдей интеграция мен өзара жақындау процесінің бөлшегі болып табылады. Ақпараттандыру заманында көптілділік пен ұтқырлыққа қарамай ұлттық білім беру жүйелерінің жақындасу процесі белең алып жатыр [1].

Білім беру жүйесінің жаһандануының негізгі белгілері болып келесілер табылады:

- Жаһандық білім беру нарығының пайда болуы;
- Трансұлттық білім беру корпорацияларының пайда болуы;
- Білім берудің ақпараттандырылуы;
- Білім беру және қоғамдық жүйелердің бірігуіне мүмкіндік беретін конвергенцияның болуы;
- Интеграция;
- Білім беру жүйелері мен мәдени құндылықтардың стандартталуы[2].

Білім беру саласындағы халықаралық әріптестікті дамытудың жолдарын анықтайтын ең ірі жобаларға келесілер жатады:

1. ЮНЕСКО құрамында: ХАБ (Халықаралық ағарту бюросы), БЖХИ (Білім беру қызметін жоспарлау халықаралық институты), СЕПЕС (Жоғары білім жөніндегі Еуропалық орталық) және КРЕСАЛК (Латын Америкасындағы жоғары білім жөніндегі аймақтық орталық). Білім беру саласындағы қызметтің негізгі бағыттары болып адам құқықтарын жалпыға бірдей құрметтеу мен қамтамасыз ету мақсатында білім, ғылым және мәдениет

салаларында халықтардың әріптестігін кеңейту арқылы бейбітшілік пен қауіпсіздікті дамытуға үлес қосу болып табылады. Оған қоса, нақты жобалар бойынша жұмыстар жүргізілуде: білім беру саясаты, білім беруді жоспарлау және басқару (27,9% жоба), кадрларды даярлау (14,1%), ғылыми, техникалық және кәсіби білім беру (13,5%). Сонымен бірге аймақтық және ұлттық әріптестердің арасында байланысты қамтамасыз ететін УНИТВИН бағдарламасы, дамыған елдерден ірі ғалымдардың басқа мемлекеттерге кетіп қалмауы мақсатында жүргізілетін ТОКТЕН және ТАЛВЕН жобаларын айтуға болады.

2. Еуропалық Кеңес шеңберінде білім беру саласындағы қызметпен айналысатын - СССР - Council for cultural cooperation, яғни Мәдени әріптестік бойынша Кеңес. Кеңестің құрамында Еуропадағы білім беру бойынша құжаттама орталығы (Documentation centre for education in Europe) өз қызметін атқарады. Білім беру саласындағы қызметтің негізгі бағыттары: Еуропадағы білім беру жүйесінің алуан түрлілігіне байланысты (англо-американдық, германдық, испандық және француздық) білім туралы құжатты өзара мойындаумен байланысты туындайтын мәселелерді шешу; орта білім мәселелерін зерттеу, жастарды мамандық таңдауға және жоғары білім алуға даярлау; мемлекеттер арасындағы мектепаралық байланыстар мен алмасуларды ынталандыру; мұғалімдерге арналған зерттеулер мен тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу; Еуропадағы білім берудің жағдайы мен дамуы туралы ақпарат жинау, оған қоса білім беру бойынша халықаралық нормативтік актілер бойынша мәліметтер жинау; ЕК мүше-мемлекеттерінің министрліктері мен өзге де мекемелерінен келген сұрау қағаздарына жауап беру және т.б. Жүргізіліп жатқан нақты жобалардың ішінде келесілерді атап өтуге болады: «Университеттік оқу орындарына жол ашатын дипломдардың баламалығы туралы Еуропа конвенциясы» (1959), «Университеттік оқу мерзімдерінің баламалығы туралы Еуропа конвенциясы» (1956), «Университеттік біліктілікті академиялық мойындау туралы Еуропа конвенциясы» (1959) және т.б. 1995-1997 жылдардағы жобалар атаулары: «Еуропа және орта білім беру», «Ересектерге білім беру және демократиялық азаматтылық», «Еуропа университеттерінің әріптестігі», «Жоғары білім беру туралы заңнаманы реформалау бағдарламалары», «Тілдерді үйрену және еуропалық азаматтық» және т.б. 1998 жылдан қазіргі кезге шейін зерттелініп жатқан жобалардың атаулары: «Болашақтағы университетті қалыптастыру: Еуропадағы жоғары білім берудің саясаты мен тәжірибесі», «Демократиялық қоғам үшін жоғары білім беру» және т.с.с. Жоғары білім беру саласындағы халықаралық бағдарламаларға ERASMUS (әр түрлі мемлекеттер арасындағы студенттермен алмасу), FORCE (ұзақ мерзімді білім беру), PETRA (базалық білім беру), COMMET (университет және бизнес арасындағы әріптестік), EUROTCHNET (технологиялық инновациялармен байланысты мамандықтарға жәрдемдесу), PHARE (дистанциондық білім беруді дамыту) және LINGUA (тілдерді үйрету және даярлау).

3. Лиссабон декларациясы (Еуропалық кеңес пен ЮНЕСКО-ның 1992 жылғы конвенциясы). Қызмет ету бағыттары: жалпы декларациялардан нақты анықтамаларға өту, бұның ішінде тараптар мен қатысушылардың міндеттерін нақты анықтау (мысалы, «қолжетімділік», «қабылдану», «баға», «жоғары білім», «оқу мерзімі» және т.б. категориялары). Сонымен бірге, бұл ретте «қолжетімділік» және «қабылдану» терминдерінің арасындағы, жоғары білім біліктілігі мен жоғары білім алуға мүмкіндік беретін біліктілік терминдері арасындағы ара жік ажыратылды, «біліктілікті тану» термині белгілі бір мемлекеттегі емес, трансұлттық біліктілікті тану деген мағынаны беретіндігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

4. Сорбонн (1998) және Болон (1999) декларациялары (Франция, Германия, Италия және Ұлыбританияның біріккен декларациясы, оған басқа мемлекеттерге қосылуға мүмкіндік бар). Аталған декларациялар жоғары білімді жаһандандырудағы қажеттілікті саяси тұрғыда бекіту мен еуропалық жоғары білімді білім беру сатыларының жалпы құрылымымен гармонизациялау мақсатында дайындалған болатын. Сонымен бірге, аталған декларациялардың мақсаттары жоғары білімнің жалпы еуропалық кеңістігін құру, еуропалық білім беру жүйесін әлемдік деңгейде жандандыру болып табылады. Нақты жобалар келесі

мәселелерді қарастырады: еуропалық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, сынақ бірліктері жүйесін қалыптастыру, білім беру қызметтеріне студенттердің қолжетімділігін арттыру, оқытудың сапасын бағалау әдістемесін және критерийлерін дамыту және т.б [3].

Білім беру саласын реформаландырудағы негізгі назар жаңа ақпараттық технологиялар мен байланыс технологияларын пайдалана отырып жүргізілетін білім берудің жаңа нысандарына аударылады. Ғаламтор негізінде дистанционды оқытудың жаңа нысандарын дамыту үшін пайдаланылатын жаңа ақпараттық технологиялар білім берудің әлемдік деңгейдегі жаңашыл үрдістерінің пайда болуына өз септігін тигізеді. Білім беру мен оқытудың жаңа, дамыған әрі рентабельді құралдарын пайдалану мен іздеу әлемдік деңгейде өзекті мәселе болып отыр. Әлемдегі көптеген мемлекеттерде қазіргі таңда пайдаланылып жүрген дистанционды білім беруді дамыту үшін байланыс құралдары инфрақұрылымдарына үлкен инвестициялар бөлінуі қажет. Әрине, ғаламтор желісінің әлеуеті мен болашағы зор, дегенмен оның әлемдік теңсіздіктің жаңа қайнар көзі ретінде қалыптасуын болдырмаған жөн.

Дүниежүзілік экономикалық форумның тапсырысымен жүргізілген Environics International компаниясының жаһандану процесстерін зерттеу нәтижесі бойынша әлемдегі әрбір он адамның алтауы жаһандану процесстерін жағымды процесс деп қабылдайтыны белгілі болды [4].

Білім беру ұлттық экономиканы тұрақты дамытудың және оның бәсекеге қабілеттілігінің күшеюінің факторы, сонымен бірге ол модернизацияның, инновациялардың, индустриаландырудың негізі болып табылады.

Еңбек ресурстарының сапасы, өндіріс сапасы, өнеркәсіп сапасы, жалпы алғанда елдің экономикалық дамуының жағдайы білім беру жүйесінің даму деңгейіне байланысты болады.

Білім берудің жаһандануы осы саладағы бәсекелестік процесстерін халықаралық деңгейге шығарады. Демек, ең үздік оқытушы, студент, магистрант (аспирант) деген атаққа бәсекелестік бәйгеде әр түрлі мемлекеттердің білім беру мекемелері қатысады [5].

Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруі білім беру жүйесіне үлкен әсерін тигізеді. Бұл ретте жағымды да, жағымсыз тұстар да бар.

Жағымды тұстарды айта кететін болсақ, ең алдымен қазақстандық жоғары оқу орындарының әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану процесі шапшаңырақ жүретін еді, демек, оқытушылар мен студенттердің ұтқырлығы артар еді. Оған қоса, жаһандану процесстерінің нәтижесінде білім беру саласына бөлінген материалдық және қаржылық ресурстар саны артар еді. Сонымен бірге, қазіргі таңда қолданылып жүрген оқытудың жаңа бағдарламаларымен алмасу процесінің, шет тілдерін үйрену процесстерінің ілесе жүретінін ұмытпаған жөн.

Дегенмен, жаһандану процесінің отандық білім беру жүйесіне тигізетін кері әсері де бар болуы мүмкін. Оған мысал ретінде тәрбие процесстерінің бағытталуы мен сапасында болатын өзгерістерді айта кетуге болады. Оған қоса, Қазақстанның еркін білім беру нарығына көшуі барысында шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылатын еді. Бұл ретте білім беру саласын мемлекеттік қолдау азайып, ең үздік оқытушылар шетелдік жоғары оқу орындарында қызмет атқарып, жоғары оқу орындарының ең үздік түлектері шетелге жұмысқа кетер еді.

Демек, жаһандану жағдайындағы жоғары оқу орындары арасындағы алмасулар батыстық экономика мен ғылымның қажеттіліктерін өтеу процесі болып ұласып кетуі де әбден мүмкін. Яғни, мемлекеттің басты мақсаттарының бірі етіп ғұламалардың жылыстауына (өзінің білімін, қабілетін елде пайдалана алмаған ғылыми кадрлардың дамыған жетекші елдерге тұрақты жұмысқа көшіп кетуі, қоныс аударуы) жол бермеу, өзінің азаматтарының сұраныстарын қанағаттандыру үшін жеткілікті жұмыс орнымен қамтамасыз етуді қолға алу керек.

Білім беру мекемелерін басқарудың нарықтық әдістерін пайдалану, мемлекеттің білім беру жүйесін қаржыландыруды азайтуы білім берудің коммерциаландыруына әкеліп

соқтырады. Демек, нарық білім берудің міндеттерін, білім берудің басты мақсаттарын айқындап, бұл рөлден мемлекетті ысырып тастауы мүмкін. Оған байланысты, білім алушылар мен білім беру мекемелерінің арасындағы қарым-қатынасты тұтынушылар арасындағы қатынас есебінде талдауға болады, демек, бұл ретте білім алушы білім беру қызметтерінің тұтынушысы болады[5].

Әрине, Қазақстанның білім беру жүйесіне жаһандық процесстердің әсер ететіні шындық, дегенмен бұл ретте еліміздің басты мақсаты – еліміздің білім беру жүйесінің ерекшелігін, мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін, менталитетін сақтау және басты орынға қою. қазіргі таңдағы жағдайда белгілі бір балансты табу қажет: бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану керек болса, екінші жағынан ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, отандық білім беру жүйесінің артықшылықтарын сақтап қалу керек.

Қолданылған әдебиет

1. Кехян М.Г. Основные тенденции глобализации сферы образования // «Креативная экономика» № 1 (73) 2013 жыл, бб. 84-88.
2. Пименова Н.Ю. О стратегии продвижения российского образования на международный рынок [Текст] // Унив. упр.: практика и анализ, 2006, № 1.
3. Керимкулов С. Е. Глобализация образования и науки: норма времени и трудоемкости образовательных программ
4. Слепухин. А. Высшее школа в условиях интернационализаций. // Высшее образование в России. -2006. -№ 4.-С.3-12.308
5. Н.С. Мельникова. Глобализация и образование // «Глобализация: синергетический подход»

УДК 342.36

ОБ ИНСТИТУТЕ АБСОЛЮТНОЙ МОНАРХИИ: ОБЗОР ЕВРОПЕЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Мунайтпасова Райхан

Магистрант специальности «Юриспруденция»
Кокшетауского университета им.А. Мырзахметова
Научный руководитель – А. Капышев

В юридической, политологической и исторической литературе традиционно дается определение абсолютизма как политического режима централизованных монархий Нового времени, в соответствии с которым власть должна быть полностью сосредоточена в руках верховного правителя, в то же время дается оговорка на невозможность установления тотального контроля и централизации в обществе.

Абсолютизм сменил в Европе сословно-представительную монархию, а в Азии развился из других государственных форм. При этом монарх рассматривается как единственный источник закона, власть его не ограничивается ни обычаем, ни каким-либо органом власти; монарх распоряжается казной, устанавливает налоги, имеет в своем распоряжении профессиональную армию и разветвленный аппарат чиновников с жестко регламентированными функциями, что ведет к унификации управления. Абсолютистское государство активно вмешивалось в экономику, усиливало ее милитаризацию, защищало национальное производство в соответствии с принципами меркантилизма, в то время как непререкаемый авторитет высшей власти поддерживался идеологически [1]. Справедливо отмечается также, что вопрос о социальной базе абсолютизма остается дискуссионным; при этом нужно отметить различную трактовку этой проблемы как в российской, так и в зарубежной историографии [2].

В данный момент абсолютизм рассматривается как результат взаимовлияния множества факторов – социально-экономических, внутри- и внешнеполитических,